

Қазақ тілін онлайн форматта оқыту: рефлексия және кері байланыс

Абаева Кәмила Бауыржанқызы

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің
студенті

Бақбергенова Роза

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің
оқытушысы

Дүниежүзілік білім беру кеңістігі антропоцен дәуірінде үдемелі, қарқынды дамып, білім-ғылым-инновация триадасы мен мектеп қабырғасында алған білімді өмірде қолдана білу практикалық шеберлігін негізгі ұстаным ретінде айшықтады. Білім – елдердің бәсекелестікке қабілетті болуын қамтамасыз ететін ең тиімді әрі ұзақ мерзімді стратегия. Әсіресе, жұмыс істеу мен оқудың қашықтықта жүзеге асырылуы қоғам қажеттіліктері мен құндылықтарын, басымдылықтарын қайта қарастыруға түрткі болды. Білім беру саласындағы модернизацияның нәтижесінде онлайн оқыту үдерісіне көшкен білім ордаларының саны күрт артты және азаматтардың әл-ауқаты үшін қолжетімді әрі практикаға негізделген, функционалдық қабілеттерді дамытып қалыптастыратын білімнің айтарлықтай маңызды екенін бүкіл әлем мойындап отыр.

Адамзатқа және қоғамға орасан зор өзгеріс әкелетін жаһандану мен жаңғыртудың әсерінен айналадағы әлем түбегейлі жаңаруда. Мектептер оқушыларды түрлі мәдениет өкілдерімен әріптестік қарым-қатынас жасауды, алуан түрлі идеяларды, көзқарастар мен құндылықтарды ескеруді үйретіп келеді. Мұғалімдер қазіргі оқушыларды технологиялардың көмегімен кеңістік пен уақыт кедрерінен жеңе отырып, бір-біріне сенім білдіруін және әріптестікте жұмыс істеуін қажет ететін, адамдардың өмірі ұлттық шекаралар аумағынан тыс мәселелерге байланысты болатын әлемде өмір сүруге және жұмыс істеуге дайындауы керек. Бәсекеге қабілетті қоғам мүшесі ретінде мектеп оқушылары қазіргі күннен бастап теориялық білімді практикада қолданып, функционалдық сауаттылықтарын көрсетіп, үйренген дағды мен алған білімді өмірде ұтымды пайдала білуі тиіс. Оның ішінде ақпаратты онлайн жүйеде қабылдап, оны қорытып кері байланыс жасай алу да бар.

Ғаламтор желісіндегі ақпараттық барьердің құлауы дереккөздер санының ұлғаюына әсер етті және әр қолданушы өзіне қажетті деректі сұрыптап, өткен сабақтардан алған білімімен байланыстырып, ұштастыра білуі қажет. Ал ашық желідегі ақпаратты өңдеп, тұла бойынан өткізіп, саралау және осы уақытқа дейін білген дерекпен сабақтыра білу рефлексияның негізінде жүзеге асады.

Білім беру процесіндегі рефлексия психологиялық тұрғыдан когнитивті және регулятивті сипатқа ие, себебі ол өзін-өзі тану мен қоршаған ортадан алған жаңа білім-білікті зерделеуге бағытталған. Педагогикалық үрдісте рефлексия мұғалім мен оқушының арасындағы проблематикалық сұрақтарды шешіп, өткен тақырыптарды жаңа тақырыппен байланыстыра алмаудағы қиындықтарды түзетуге көмектеседі.

"Рефлексия" түсінігі мен феномені (латын тілінде reflexio - " артқа көз тастау, көңіл бөлу") әуелде философияда пайда болды және адамның өз санасында болып жатқан барлық нәрселер туралы ойлау процесін білдірді. Басқаша айтқанда, бұл өзін-өзі тану әрекеті адамға өзінің рухани әлемінің мазмұнын ашады. Педагогика мен философияның негізін қалаған грек философтары рефлексиялық қызмет туралы толғанып, адамның өзін-өзі тануын рефлексиясыз жүзеге аспайтыны алға тартты.

Қазақ тілі сабағын онлайн өткізу барысында педагогикалық қызмет рефлексиялық сипатта болуы керек, яғни мұғалім оқушылардың көзқарасы мен ішкі дүниесін ескеріп, эмоциялық жағдайын түсінуге тырысады. Педагогикалық процестегі рефлексияның қызметін айшықтау – білім алушылардың үздіксіз, өзіне баға бере отырып дамуының маңызды шарты.

Қашықтықтан оқыту контекстінде рефлексия мен оқушылардың кері байланысын, рефлексивті әрекетін ұйымдастыру үшін дидактикалық мақсатына қарай әртүрлі сандық құралдар мен қосымшаларды қолдануға болады.

Рефлексиялық әрекетті ұйымдастыруға арналған онлайн визуализация құралдары және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға арналған ресурстар Практикалық үлгі:

Тарау: "Ғаламтор және әлеуметтік желілер"

Тақырып: "Әлеуметтік желілер"

Сабақ мақсаттары: 7.2.1.1 - мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау;

7.2.5.1 -мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру

Рефлексивті тапсырмаға арналған платформа: Mind Meister

Қазақ тілі сабағында әртүрлі форматтағы ақпаратты интерпретациялау, тірек сөздерден мәтін құрау және мәтінді графикалық бейнеге түсіру оқушының оқылым дағдысының жоғары деңгейде екенін білдіреді. Ассоциативті карта мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтап, білім алушылардың шығармашылық белсенділігі мен логикалық ойлауын дамытады. Сонымен қатар, ақпаратты ықшамдап, нақты ұсынатындау үшін функционалдық сауаттылығын шыңдайды. Таным көкжиегі мен қызығушылықтарына қарай әр оқушының ассоциациялары әртүрлі болуы мүмкін, соның нәтижесінде балалар қателесуден қорықпайды, өзін еркін сезініп, пікір білдіреді. Бұл рефлексивті тапсырма нәтижесінде оқу процесіне қызығушылық пен қазақ тілін ақпараттық технологиялар арқылы параллель оқуға уәждері артады.

Қазіргі таңда педагогикалық құзыреттіліктің ішінде ең негізгісі рефлексивті-талдау құзыреттілігі. Ақпараттық ғасырда білім беру саласындағы мультимедиялық ресурстар мен инновациялық жұмыстарды меңгермеген мұғалім жалпы білікті пе-

дагог болып қалыптаса алмайды. Цифрлық технологиялар дамыған сайын оқу техникасы да бірге нығаюы қажет.

Онлайн қазақ тілі сабағындағы педагогикалық рефлексия – бұл тек өзіне және өзінің іс - әрекетіне баға беру ғана емес, сонымен бірге педагогикалық, қарым – қатынасқа түскен өзге жандардың да өз - өздерін қалай түсінетіндіктерін байқау, өзін - өзі тану, өзінің әлсіз жақтары мен потенциалын, мүмкіндіктерін аша білу үшін қажет.

Қорыта айтқанда, қазақ тілін онлайн оқытуда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім беру сапасын жаңа дәрежеге көтеру үшін дүниежүзілік білім беру кеңістігінде пайда болып, шетелдерде аккредитацияланған пайдалы әрі тиімді цифрлы ресурстарды рефлексия жасау барысында қолдану қажет. Рефлексияның маңызы мен түрлері жайлы ақпаратты бір арнаға жинап, барлық оқытушылардың біліктілігі мен шеберлігін арттыруға бағытталған сайт та Қазақстанның білім беру жүйесіндегі жаңалық және қазақтілді контенттің үлгісі бола алады.